



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ

Апта күні: бейсенбі

Күні: 28.11.2024ж.

Уақыт: 15⁰⁰ сағат

ХБК Ғылыми Кеңесінің кезекті отырысының №03 ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

Ғылыми Кеңесінің төрағасы – М.Б.Имандосова, т.ғ.д., профессор, ректор
Ғылыми Кеңесінің хатшысы – Н.Е.Бектурганова, х.ғ.к., қауымдастырылған
профессор, ЖООКБД директоры

Қатысқандар: Ғылыми Кеңестің 41-нің 33-і қатысты (тіркеу қағазы
қосылған).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ХБК түлектерін 2024 жылы жұмысқа орналастыру нәтижелері туралы.

2. ХБК персоналын бейімдеу, оқыту және дамытудың 2024 жылғы нәтижелері туралы.

3. ХБК ПОҚ-ның 2024 жылы оқытылатын пәндер бойынша біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту нәтижелері туралы.

4. ХБК ғылыми және білім беру қызметіне инновациялық технологияларды енгізу нәтижелері және оларды 2024-25 оқу жылында жетілдіру жөніндегі міндеттер туралы.

5. Әр түрлі.

5.1. Ғылыми кеңестің құрамына өзгерістер енгізу туралы.

5.2. Басылымға ұсыныстар.

5.3. Э.ғ.к., ҚТИМФ қауымдастырылған профессоры С.У. Абдибековтың кандидатурасын қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алуға ұсыну туралы.

Мәжілістің алдында Ғылыми Кеңестің төрағасы М.Б.Имандосова ашық дауыспен күн тәртібін мақұлдады.

1. ХБК түлектерін 2024 жылы жұмысқа орналастыру нәтижелері туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: білім беру деңгейлері бойынша, жұмыспен қамту типі бойынша, факультеттер бөлінісінде, ББТ бойынша, бейіні бойынша және бейіннен тыс, ұйым нысандары бөлінісінде түлектердің жұмысқа орналасу

көрсеткіштерімен, жұмысқа орналастыру бойынша көшбасшы компаниялармен таныстырған ТМО басшысы А.М. Айтбаева.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: толықтырулармен ректор М.Б. Имандосова, ішкі регламенттеуші құжаттарға түлектердің айналып өту парақтарына қол қойылғанға дейін жұмысқа орналасу туралы анықтама беруі бойынша сұрақтар мен ұсыныстармен ДФ деканы А.А. Зименко мен СФ деканы М. И. Хасенов, факультет деканы.

ҚАУЛЫ:

1. Тәжірибе және мансап орталығының басшысы А.М. Айтбаеваның есебі назарға алынсын.

2. Факультет декандарына:

1) 2024 жылғы жұмыссыз түлектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі ТМО-мен бірлесіп іс-шаралар жоспарын әзірлесін. Орындалу мерзімі - 01.01.2025.

2) Түлектердің жұмысқа орналасуына үздіксіз мониторинг жүргізуге және деректерді өзектендіру үшін тоқсан сайын ТМО есептер ұсынуға міндетті. Орындалу мерзімі - үнемі.

3. ТМО жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болған түлектерге, соның ішінде түйіндеме дайындауды, әңгімелесу дағдыларын және бос жұмыс орындарын табуға көмектесуді ұйымдастыру. Орындалу мерзімі – тұрақты.

4. ТМО заң қызметімен, декандармен, АСД, ЖООКБД-мен бірлесіп, жұмысқа орналастыру туралы анықтамалар беру бойынша білім берудің барлық деңгейлері бойынша регламенттеуші құжаттарға толықтырулар енгізісін. Орындалу мерзімі - 01.06.2025.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік даму және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың м.а. Т.С. Дусиповаға жүктелсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

2. ХБК персоналын бейімдеу, оқыту және дамытудың 2024 жылғы нәтижелері туралы.

ТЫНДАЛДЫ: HR Департаменттің қызметі бойынша есепті дайындауға байланысты осы мәселені қарауды Ғылыми кеңестің келесі отырысына ауыстыру туралы ұсыныс жасаған ректор М.Б. Имандосова.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М. Б. Имандосованың ақпараты назарға алынсын.

2. "ХБК персоналын бейімдеу, оқыту және дамытудың 2024 жылғы нәтижелері туралы" мәселені қарауды Ғылыми кеңестің келесі отырысына көшірілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ғылыми кеңестің хатшысы Н.Е. Бектұрғановаға жүктелсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

3. ХБК ПОҚ-ның 2024 жылы оқытылатын пәндер бойынша

біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту нәтижелері туралы.

ТЫНДАЛДЫ: СФ «ТжҚҒ» (А.М. Кусайынов), СФ «Қала құрылысы» (А.К.Туякаева), ДФ «Сәулет дизайны» (Т.К.Узакбаев), ДФ «Графикалық және медиа дизайн» (К.В. Чикноверова), ДФ «Продакт-дизайн» (Ш.С.Турғанбаева), ДФ ЖҚФ «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» (Д.Т. Сартаев), ЖҚФ «Инженерлік жүйелер мен желілер» (Г.С. Абиева), ЖҚФ «Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау» (С.Е. Ниетбай), ЖҚФ «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» (М.Ш. Гусенова), ҚТИМФ «ҚМжМТ» (Г.Б.Ибраимбаева), ҚТИМФ «ГКжК» (И.А.Кузнецова), ҚТИФ «ТжЖҒ» (Р.Е. Жумагулова) кафедраларының меңгерушілері. Спикерлер кеңес мүшелерін ағымдағы күнтізбелік жылы оқытылатын пәндер бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту нәтижелері туралы таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: біліктілікті арттыруды бақылау, семинарлар мен курстардың рәсімдерінен өтуді жетілдіру бойынша сұрақтар мен ұсыныстармен ректор М.Б. Имандосова; ДФ профессоры Г.К. Ибрайшина, ЖҚФ деканы О.Д. Сейтқазынов, ДФ профессоры А.Т. Ахмедова, СФ зерттеуші профессоры Г.С. Абдрасилова, цифрландыру жөніндегі проректор Е.К. Толенбеков, зерттеуші профессоры Н.Ж. Козбагарова, СФ деканы М.И. Хасенов.

ҚАУЛЫ:

1. Сәулет, дизайн, жалпы құрылыс және ҚТИМ факультеттерінің кафедра меңгерушілерінің ақпаратын назарға алыңыз.

2. Факультет декандары, академиялық мәселелер жөніндегі департамент және маркетинг департаменті инновациялық технологияларды қолдана отырып, кәсіби пәндер бойынша әдістемелік семинарларды ұйымдастырудың қарқындылығын арттырсын. Орындалу мерзімі - 29.05.2025 дейін.

3. Сәулет, дизайн, жалпы құрылыс, ҚТИМ факультеттерінің декандары ғылыми-зерттеу орталықтарында және ғылыми-білім беру жобаларында, компанияларда, оның ішінде шетелдік ұйымдарда тәжірибелік тағылымдамалар арқылы біліктілікті арттыру мүмкіндіктерін қарастырылсын. Шетелдік тағылымдамаларға қатысты - ХБК-та жаңа және қалыптасқан халықаралық ғылыми байланыстарды жандандыра отырып, жұмысты құрылымдау. Орындалу мерзімі - 29.05.2025 дейін.

4. Сәулет, дизайн, жалпы құрылыс және ҚТИМ факультеттерінің декандары ПОҚ - ның өзара іс-қимыл және ашық сабақтар кестесінің орындалуына бақылау жүргізсін - 29.05.2025 дейін;

5. Сәулет, дизайн, жалпы құрылыс және ҚТИМ факультеттерінің декандары біліктілікті арттыру және курстардан өту туралы сертификаттар мен өзге де растайтын құжаттардың көшірмелерін HR департаментіне беруді қамтамасыз етсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау сәулет, дизайн, жалпы құрылыс және ҚТИМ факультеттерінің декандарына жүктелсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4. ХБК ғылыми және білім беру қызметіне инновациялық технологияларды енгізу нәтижелері және оларды 2024-25 оқу жылында жетілдіру жөніндегі міндеттер туралы.

ТЫНДАЛДЫ: спикер - ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Ж.Н. Молдамуратовтың іссапарда болуына байланысты осы мәселені қарауды Ғылыми кеңестің келесі отырысына көшіру туралы ұсыныс жасаған ректор М.Б. Имандосова.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б. Имандосованың ақпараты назарға алынсын.

2. "ХБК-ның ғылыми және білім беру қызметіне инновациялық технологияларды енгізу нәтижелері және оларды 2024-25 оқу жылында жетілдіру жөніндегі міндеттер туралы" мәселені қарауды Ғылыми кеңестің келесі отырысына көшірілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ғылыми кеңестің хатшысы Н.Е. Бектұрғановаға жүктелсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

5. Әр түрлі.

5.1. Ғылыми кеңестің құрамына өзгерістер енгізу туралы.

ТЫНДАЛДЫ: Д.Т. Сартаевтың ЖҚФ "Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс" кафедрасының меңгерушісі лауазымына тағайындалуына және студенттік үкіметтің төрағасы Серік Диас Нұрланұлының сайлануына байланысты ғылыми кеңестің құрамына өзгеріс енгізу қажеттігі туралы айқан хатшы Н.Е. Бектурганова. СЖК бұрынғы төрағасы Лесбек Бағлан ҒК-тің құрамынан шығарылсын.

Хатшы дауыс беру үшін есеп комиссиясының келесі құрамын ұсынды: А.А.Зименко, Т.К. Узакбаев, О.Д. Сейтқазинов.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

ҚАУЛЫ: есеп комиссиясының құрамы А.А. Зименко, Т.К. Узакбаев, О.Д. Сейтқазинов болып бекітілсін.

Комиссия мүшелерін талқылағаннан кейін,

ҚАУЛЫ: комиссия төрағасы А.А. Зименко, мүшелері: О.Д. Сейтқазинова және Т.К. Узакбаев болып тағайындалсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

Дауыс беруден және дауыстарды санағаннан кейін,

ҚАУЛЫ:

1. Ғылыми кеңес хатшысы Н.Е. Бектурганованың ақпараты назарға алынсын.

2. Ғылыми кеңес құрамына "Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс" кафедрасының меңгерушісі Д.Т.Сартаев (01.11.2024 ж. № 704 Бұйрық) және

студенттік үкімет төрағасы Серік Диас Нұрланұлы (11.11.2024 ж. № 358 ҚХ, 28.10.2024ж. №01 СП комиссиясы отырысының хаттамасы) енгізілсін.

3. Ғылыми кеңес құрамынан Лесбек Бағлан шығарылсын (11.11.2024 ж. № 358 СЗ).

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ғылыми кеңестің хатшысы Н.Е.Бектұрғановаға қалдырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

5.2. Басылымға ұсыныстар.

ТЫНДАЛДЫ: Г.А. Сейдуллаевамен «Коммуникативная лингвистика» монографиясымен және автордың қажетті құжаттарымен: басылымға ұсыныммен жалпы құрылыс факультетінің академиялық сапа комитетінің және ҒТК хаттамаларынан үзінді көшірме, оң рецензиялар және плагиатқа қарсы анықтамалармен таныстырған хатшы Н.Е. Бектұрғанова. ҰК1 және ҰК2 мәндері рұқсат етілген деңгейден аспайды. ЦК мәні қолайлы. Ұсынылады.

ҚАУЛЫ:

1. Хатшы Н.Е. Бектұрғанованың ақпараты назарға алынсын.

2. Г.А. Сейдуллаеваның «Коммуникативная лингвистика» монографиясы басылымға ұсынылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

5.3. Э.ғ.к., ҚТИМФ қауымдастырылған профессоры С.У. Абдибековтың кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсыну туралы.

ТЫНДАЛДЫ: 50200 Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін С.У. Абдибековтың оның кандидатурасын ұсыну үшін қарауға ұсынылған құжаттар топтамасымен кеңес мүшелерін таныстырған Ғылыми кеңес хатшысы Н.Е. Бектұрғанова. Ғылыми атақтарды беру қағидаларына сәйкес өтінішхат туралы шешімді қарау мен қабылдаудан 1 ай бұрын корпорацияның сайтында DOC және PDF форматында мынадай құжаттар орналастырылған: 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама, жарияланымдар тізімі, оның ішінде 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықаралық рецензияланатын басылымдардағы жарияланымдар тізімі.

С.У. Абдибековтың кандидатурасы қауымдастырылған профессор (доцент) атағын беруге үміткерлерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.


СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: қолдау сөздерімен ҚТИМ факультетінің деканы Е.Б. Макашев.

ҚАУЛЫ: 05.08.2021 ж. ғылыми бағыттар жіктеуішіне сәйкес 50200 Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған

профессор (доцент) ғылыми атағын алуға С.У. Абдибековтың кандидатурасы ұсынылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төраға



М.Б. Имандосова

Хатшы



Н.Е. Бектурганова